

A photograph of a snowy forest path. The path is covered in snow and leads into a dense forest of snow-covered trees. A bright sunburst is visible in the upper left background, creating a hazy, atmospheric effect. The overall color palette is dominated by whites and blues.

Сыныш жұмысы

Қыс

ҚЫС

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау танымас тірі жанды.
Үсті басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды.
Бұлттай қасы жауып екі көзін,
Басын сіліксе, қар жауып мазанды алды.
Борандай бұрқ-сарқ етіп долданғанда,
Алты қанат ақ орда үй шайқалды.
Әуес көріп жүгірген жас балалар,
Беті-қолы домбығып үсік шалды.
Шидем мен тон қабаттап киген малшы,
Бет қарауға шыдамай, теріс айналды.

Абай Құнанбаев









Қыс

Қыс түсті. Қыс айлары: желтоқсан, қаңтар, ақпан. Қыс желтоқсан айынан басталады. Бұл мезгілде күн суытады. Батыстан суық жел соғады. Күн қысқарып, түн ұзарады. Жиі-жиі қар жауады. Жердің бетін аппақ қар басады. Адамдар қыста жылы киінеді. Бұл мезгілді балалар ұнатады. Олар коньки тебеді, шаңғымен сырғанайды, аққала жасайды.

Әр жыл мезгілінің өз мейрамы бар. Қыста біз Жаңа жылды қарсы аламыз.








**Мәтінге
сұрақтар
құрасты-
рыңдар**





**Зат есім тірек-
сызбасын
толтырындар**





**Берілген зат
есімдерге
сипаттама
беріндер**




Қар ---

Балалар

Шаңғы







Сын есім тірек
сызбасын
толтыр.



Дауыссыз дыбыстар
дегеніміз не?
Неше топқа
бөлінеді?



Әліпби дегеніміз не?
Дыбыс дегеніміз не?
Әріп дегеніміз не?



Үндестік заңы.
Екпін дегеніміз не?



Антоним дегеніміз не?
Мысалдар
келтіріңдер.



Дауысты дыбыс
дегеніміз не?
Олар қалай және
неше топқа бөлінеді?



Берілген сын
есімдерге сипаттама
беріндер.



Жылы

Жаңа



**Антоним, омоним,
синоним дегеніміз не?
Мысалдар
келтіріңдер.**

